

«Көк асаның» құпия сырлары

Бекарыстан Мырзабай, Ұлыбек Бекарыстанұлы
*Ақтөбе облыстық тарихи-мәдени мұраларды қорғау жөніндегі
мемлекеттік инспекциясы, Ақтөбе қаласы.*

Бұл шағын материалда Ақтөбе облысы Қобда ауданы Жиренқопа ауылында ел аузындағы аңызда Пақыржан шайхтан пір Бекет Мырзағұлұлына, оның шәкірті Шектібай Оразайұлына беріліп, оның алтыншы ұрпағы Накеш Тұрсынғали Латыпұлының үйінде сақтаулы тұрған болат темірден соғылған «Көк аса» туралы тарих және этнографияны зерттеушілермен, бабаларымыздың мұраларына қызығушылық танытушылармен ой бөлісуді жөн көрдік.

Осы жолдардың авторлары 1996 жылы И.Тасмағамбетов, Т.Мұхамеджанов, Б.Тілеуханов, Ұ. Есдәулетов, С. Азимов тобын «Көк асаны» зиярат етуге ертіп барып, 98 жастағы Сейітқали ата Қықымбаевтың «Көк аса» туралы ғажайып әңгімелерін бір түн тыңдап, сол жылы маусым айында алты атасынан мұра болып келе жатқан «Көк асаны» аса ықияттылықпен сақтап келе жатқан қадірменді ағамыз Тұрсынғали Латыпұлы Накешпен бірге Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Мемлекеттік сынама бақылау инспекциясының сараптауынан өткізуге қатысқан еді.

Ұзындығы 125 см. болатын «Көк аса» XVI-XVII ғасырларда сапалы болаттан төрт қырлы болып соғылып, екі жерден ілмек үшін шығыршық орнатылған. Қолға ұстайтын ұзындығы 12 см. балдағының жоғарғы жағы 16 мм., төменгі жағы 12 мм. цилиндр тәрізді жұмыр етіп жасалып, басы дөңгеленіп бітсе, балдақтың төменгі жағы баланың алақанындай жалпайта соғылып, 950 жоғары пробалы күмістен ені 3 мм. жыланбас өрнек екі жағына салынған. Жыланбас өрнектердің бетінде арнаулы үлкейткіш лупамен ғана көруге болатын сызықтар сызылған. Күміс өрнектерді кейбір зерттеушілер «Әліф Лам Мим» және «Таһа» деген арабша сөздер, ал сызықтар – көне әбжәдтық әліпбидегі тілдік және қисаптық мағынаны беретін сөздер болуы мүмкін деген соң, Тұрсынғали ағамен Ақжан ата Машановқа хабарласқан едік. Өкінішке орай, қадірменді ғұлама ғалым Ақжан ата сырқаттанып жатты да кездесіп, «Көк асаны» көрсетудің сәті түспеді.

Кейін түрлі әдебиеттерді парақтағанда, аса таяқтар туралы көне египеттіктер жайлы жазбаларда (Фрезер Дж. Дж., 1998, с. 88), онан арғы дәуірлердегі тас дәуірі (неолит), қола дәуірі (бронза), сақ дәуірі қорғандарын қазып, зерттегенде (Бекназаров Р. А., 2005, с. 16-19), (Переводчикова Е. В., Раевский Д. С., 1981, с. 42), оғыз-қыпшақ дәуірінің ел билеушілерін сайлағанда қолданғандығы туралы (Басилов В. Н. с. 29), XIV-XV ғ.ғ. Алтын Орда кезеңінде Батыс Қазақстан аймағында сопылық ілімнің таралуына байланысты қолданылғаны кездесті (Әжіғали С. Е., 2000, 84-94 б.). Сондай-ақ, қазақ халқының жыр-аңыздарында «ақ сәлдесі басында, көк есегі астында, көк асасы қолында» болатын әулие, машайық, бақсы-балгерлер туралы ғажайып аңыздар мен қызықты қария сөздер де көптеп кездеседі.

Қасиетті Құран Кәрімнің екінші Бақара сүресінің бірінші аятында «Әліф Лам Мим» (1), (Халифа А., 2 б.) деген жазу болса, жиырмамыншы Таһа сүресінің аяттарында мынадай жазбалар бар: «Әй, Мұса! Оң қолыңдағы не нәрсе?» (17) (Мұса Ғ. С.): «Ол таяғым. Оған таянамын. Онымен қойларыма жапырақ қағып беремін, әрі онда басқа да істерім бар» деді. (18) «Әй, Мұса! Оны таста!», – деді. (19) Оны тастады. Сонда ол, жылан болып жүрді. (20) «Оны ұста, қорықпа! Оны әуелгі халына қайтарамыз» деді. (21) «Қолыңды қойнына тық. Аппақ ақаусыз басқа бір мұғжиза болып шықсын» (22) Саған ірі мұғжизаларымызды көрсету үшін деді».

Сиқыршыларын жинап келген Перғауын: «Әй, Мұса! Енді (асанды) не сен таста немесе біз бұрын тастайық» деді. (65) (Мұса Ғ. С.): «Жоқ, сендер тастандар» деді. Сол сәтте, олардың (тастаған) жіптері мен таяқтары сиқырларының салдарынан, Мұсаға (Ғ. С.) жүрген жылан болып сезілді. (66) Сондықтан Мұса (Ғ. С.) көңілінде бір қобалжу сезді. (67) «Қорықпа! Сен үстем боласың» дедік. (68) «Оң қолыңдағыны (таяқты) таста! Олардың жасағандарын жалмасын. Шынында олардың жасағандары, сиқыршының ғана айласы. Сиқыршы қайда барса да құтылмайды» дедік. (69). Сонда бүкіл сиқыршылар, сәждеге жығылып: «Мұса мен Һарұнның Раббына иман келтірдік» деді [Халифа А., 313-316 б.].

Біздіңше, «Көк асаның» құпияларын түсінемін деген адам Ислам философиясын дамытуға орасан зор еңбек үлес қосқан түркі-ислам ойшылы Әбу Насыр Әл-Фараби мен одан 180 жыл шамасы кейін өмір сүрген Бағдаттың ұлы ғалымы, сопылық философияны дамытқан Әбухамит Әл-Ғазалидің, сопылық философияны жоғары деңгейге көтерген Қожа Ахмет Яссауидің, оның шәкірті Сүлеймен Бақырғани мен жолын қуған

ізбасарларының бірі – Мұхаммад Шафоатұлының (Пақыржан) сопылық дүниетанымымен танысқаны жөн.

Әл-Фараби мен Әл-Ғазалидің еңбектерін салыстыра келіп ХІХ ғасырда өмір сүрген татар халқының ғұлама ғалымы, Л. Толстойдың сыйлас досы болған Шигабuddin Маржани: «Бұл екеуі де ғылымда, адамдық жолына, ғадалатқа, шындық іздеуде біріне-бірі ұқсас, бірін бірі толықтыратын ғұлама. Екеуі де бағыттары басқа бола тұрса да ұлы ұстаздар, Әл-Ғазалидің Әл-Фарабиге тым қатаң сөздер айтуы, оның адамдық басына емес, философия атына деп білу керек. Бірақ, философияны сынап, оған қарсы бола отырып Әл-Ғазалидің өзі сол философияға зор қызмет көрсетті. Әл-Фараби мен Әл-Ғазалидің іздегені бір шындық, оған екеуі екі жолмен келіп тоғысады», – деп түйіндейді. [Машанов А., 1994. 89-90 б.].

Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбарымыз бір хадисінде: «Шариғат – сөздерім, тариқат – істерім, ал хақиқат – халдерім» десе, Қожа Ахмет Яссауи бабамыз «Фақрнама» атты еңбегінде шариғаттың, тариқаттың, мағрипаттың және хақиқаттың мақамдары туралы айта келіп, былай дейді: «Жол бастаушы тұлғалар мен көсемдерді үш топқа бөлуге болады. Шариғат көсемдері – ғұламалар мен қағандар (падишахтар); тариқат көсемдері – шайхтар (пірлер) мен сопылар; хақиқат көсемдері – арифтер мен әрқашан Хақтың жанынан табылатын шайхтар». [Нысанбай Ә., Кенжетай Д., 2005, 181, 185, 187 б.].

Шариғаттан тариқатқа кірген мүритті ақиқатқа жетелеуші ұстаз арабша «шайх», парсыша «пір» деп аталады. Бұл сөздердің тікелей тәржімасы (аудармасы) кәрі, жасы келіп қалған адам деген мағына береді. Ата сөзі сопылық дүниетанымда «шайх» пен «пірдің» орнын басатын, ақиқатқа жетелеуші рухани ұстаз. Парсы тілінде жазылған «Санглах» атты түсіндірме сөздікте бұған мынадай анықтама берген: «Ата» сөзінің үш түрлі мағынасы бар. Бірінші, әкені айтады, екінші, сопылық және захидтік жолдағы машайықтың ерекше атауы, үшінші, атау сөзінің бұйрық райы. Тариқат жолында ұстаз бен шәкірттің, пір мен мүриттің арасында толық түсінік пайда болмайынша, хақты іздеуші ақиқатқа жете алмайды [Нысанбай Ә., Кенжетай Д., 2005, 260-261 б.].

Сопылық терминологияда «фақр» нәпсіден құтылып, «фана-фи-Аллахқа» ұласуды білдіреді. «Шайх» – нәпсіден арылған, хақта бақи болған әулие – хақтың досы. Тәліптерге жол көрсетуші, оларды тәрбиелеуші сопылық дүниетанымды, жолды айналасындағыларға үйрететін нағыз зиялы, кемел адам. «Суфи» – көңілі таза, ешкімге тәуелді емес, өзі де ешнәрсеге ие емес, нәпсінің құлы емес, сырттай халықпен, іштей хақпен бірге болатын,

адамның сырын оқи білетін Хаққа ұласқан адам [Нысанбай Ә., Кенжетай Д., 2005, 488, 499 б.].

Осы тұрғыдан алғанда ел аузындағы аңызда Пақыржан аталған шайх Мұхаммад Шафоатұлының (1720-1789 ж.ж.) өзінің шәкірті (мүриті) адай Бекет Мырзағұлұлына «Көк асаны» табыс етуі – ұстаз бен шәкірт арасындағы, пір мен мүрит арасындағы толық түсіністік, шәкіртін ақиқатқа жетелеуші рухани ұстаздың нағыз зиялы, кемел адамның ізбасарын табуы деп түсінеміз [Накеш Т. Л., 2010, 14-28 б.].

Ұстазы шайх Мұхаммад Шафоатұлынан (Пақыржан) батамен қабылдап алған «Көк асаны» пір Бекет Мырзағұлұлы (1750-1813 ж.ж.) өзінің шәкірттерінің (мүриттер) ішінен аққошқар кете Шектібай Оразайұлына табыстаған. «Көк аса» Шектібай атадан баласы Атанбозға, одан Байгелдіге, одан Нәк Мұхаммедке (Нәкеш), одан Құсайынға, одан Ғабдуллатипке (Латып), одан Тұрсынғалиға табыс етілген.

Жоғарыда жазылғандарды ой елегінен өткізе келе, академик Ақжан Машанов жазған әбжәд ілімі бойынша Құранның 114 сүресін 19 әріптен тұратын «Бисмилляһи ар-рахман ар-рахим» сөзінің санына бөлсе, 6 саны шығады [Машанов А., 1994, 132 б.]. Бұл Құран Кәрімдегі ғаламның 6 күнде жаралуы. Сондай-ақ төрт кітаптың және олар түскен төрт пайғамбарымыздың әбжәдтық саны $1793 + 373 = 2166$. Енді осы жиын санды «бисмилляһи ар-рахман ар-рахим» санына бөлсе, Құран сүрелерінің саны 114 шығады, $2166:19 = 114$. Олай болса, «Көк асаның» бетіндегі күміс өрнектерді Қасиетті Құран Кәрімдегі Бақара және Таһа сүрелеріндегі аяттардан, сызықтардың санын әбжәд әліпбиінен іздеген ләзім болар еді [Ғұзыхан А., 2000, 20-21 б.].

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін тәуелсіз елімізде мәдениетке, тілге, дінге, ұлттық-рухани құндылықтарға деген жаңаша, ғылыми көзқарас пайда болғаны белгілі.

Қорыта келгенде, біздіңше, Ақтөбе облысы Қобда ауданы Жиренқопа ауылында Накеш Тұрсынғали Латыпұлының үйінде сақтаулы тұрған «Көк аса» сопылық ілімнің бірегей жәдігері есебінде өзінің ғылыми-философиялық, тарихи-мәдени құндылығы жағынан қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркінің, тіпті иісі мұсылманның ортақ мұрасы деп таныған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әжіғали С. Е. Суфийство Ахмеда Ясави и его «Диван Хикмат» // Отан тарихы, № 1, 2. Алматы, 2000, 84-94 б.
2. Басилов В. Н. Шаманство у народов Средней Азии и Казахстана. М., Наука, 1992. – с. 328.
3. Бекназаров Р. А. Қазақ халқының дәстүрлі тас қашау өнері. – Алматы. 2005. – 160 б.
4. Ғұзыхан В. «Құранның» математикалық құпиялары. – Алматы, Өнер, 2000, 20-21 б.
5. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы, Қазақстан, 1994, 89-90, 132 б.
6. Накеш Т. Л. Қасиетті «Көк аса». – Ақтөбе, Литер-А, 2010, 14-28 б.
7. Нысанбай Ә., Кенжетай Д. – Астана, Аударма, 2005, 181-183, 260, 261, 488, 499 б.
8. Переводчикова Е. В., Раевский Д. С. Еще раз о назначении скифских наверший // Средняя Азия и ее соседи в древности и средневековье. Под ред. Б.А.Литвинского. М., Наука, 1981. – с. 42-52.
9. Фрезер Дж. Дж. «Золотая ветвь». Исследование магии и религии. М., 1998. – с. 784.
10. Халифа А. Құран Кәрім. (қазақша мағына және түсінік). 2, 313-316 б.).

В статье авторы, разделяя свои размышления о святом посохе «Кок аса», который хранится у Накеш Турсынғали Латыпулы, проживающего в селе Жиренкопа Хобдинского района Актюбинской области, предлагают признать данную реликвию, как историко-культурное наследие суфийского учения.

In article authors, dividing the reflections about a sacred staff «the Cook of the expert» who is stored at Nakesh Tursyngali Latypuly living in village Zhirenkopa of Hobdinsky area of Aktobinsky area, suggest to recognize the given relic, as a historical and cultural heritage the Islamic doctrine.